

## ГЕОГРАФИЯ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*



1.

Жан басына шаққандағы табысы 100000 АҚШ долл. жоғары ел

- A) Аустралия
- B) Ресей
- C) Үндістан
- D) Аргентина

2. Зерттеу нысаны оның көшірмесімен алмастырылатын әдіс

- A) экскурсия
- B) картографиялық әдіс
- C) экспедиция
- D) модельдеу

3. Картада ерекше түспен белгіленген географиялық нысан




- A) бұғаз
- B) түбек
- C) арал
- D) материк

4. Еуразия матерігінің солтүстік жағалауындағы мұхит

- A) Атлант
  - B) Солтүстік мұзды
  - C) Үнді
  - D) Тынық
5. Қалдықты қайта өңдеу арқылы энергия алуға маманданған Еуропа елі
- A) Молдова
  - B) Швеция
  - C) Украина
  - D) Ресей
6. 1992 жылы Қоршаған орта және даму жөніндегі конференция өткізілген қала
- A) Париж (Франция)
  - B) Йоханнесбург (ОАР)
  - C) Рио-де-Жанейро (Бразилия)
  - D) Осло (Норвегия)
7. Негізгі жетекші дамушы елдер
- A) Үндістан, Қытай
  - B) Бразилия, Индонезия
  - C) Ресей, Мексика
  - D) Қытай, Украина
8. Солтүстік Американың мұнайға бай шығанағы
- A) Мексика
  - B) Парсы
  - C) Гвинея
  - D) Бенгал
9. Еуропадағы монархиялық мемлекет
- A) Швеция
  - B) Аустрия
  - C) Португалия
  - D) Германия
10. Жеке азаматтың жауапкершілігіндегі көрсеткіш
- A) жеке басының табыс мөлшері
  - B) мемлекетте білім беру сапасын арттыру
  - C) елдегі қауіпсіздікті сақтау
  - D) туризмді дамытуға жағдай жасау
11. Шығыс Азия еліне саяхат жасаған ғалым
- A) Марко Поло
  - B) Эратосфен
  - C) Страбон
  - D) Птоломей

12. Картада ерекше түспен белгіленген елдерге ортақ климаттық белдеу



- A) тропиктік
  - B) қоңыржай
  - C) субэкваторлық
  - D) экваторлық
13. «Экологиялық із» тұжырымдамасының негізін салушылар
- A) A.Chigarkin, E.Odum
  - B) M.Wackernagel, W.Rice
  - C) N.Reimers, E.Odum
  - D) S.Huntington, B.Commoner
14. Өндірістерді жұмыс күші арзан елдерге орналастыру факторы
- A) тұтынушы
  - B) еңбек ресурсы
  - C) табиғи-ресурстық
  - D) көлік
15. «Хартлендке» жататын ел (Х.Маккиннер бойынша)
- A) Жапония
  - B) Бразилия
  - C) АҚШ
  - D) Қазақстан
16. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл қару
- A) сулы
  - B) ядролық
  - C) ақпараттық
  - D) металды

17. «1» санымен берілген географиялық нысан атауы



- A) Мозамбик бұғазы
  - B) Қызыл теңіз
  - C) Гвинея шығанағы
  - D) Жерорта теңізі
18. Фотохимиялық тұманның пайда болуына әсер етуші фактор
- A) дүниежүзілік мұхит суларының ластануы
  - B) автокөлік газдарының артуы
  - C) орман алқаптарының қысқаруы
  - D) озон қабатының жұқаруы процесінің артуы
19. Дүниежүзілік шаруашылықтың екі бөлікті модель үлгісі
- A) шеткі аймақтар
  - B) дамыған елдер
  - C) өтпелі елдер
  - D) ауыспалы экономика елдері
20. Елдердің табиғатын, халқын, экономикасы және мәдениетін, әлеуметтік ұйымдарын зерттейтін ғылым
- A) елтану
  - B) геоморфология
  - C) геофизика
  - D) жертану

***Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*

### Картографиялық әдіс

Картографиялық әдістің көмегімен карта бетінде ұзындық, аудан және көлем өлшемдерін есептеуге болады. Ол өлшемдер арнаулы құралдар көмегімен жүргізіледі. Ондай құралдарға циркуль, транспортир, курвиметр және планиметр жатады. Мысалы планиметр арқылы аудан өлшемі жүргізіледі. Құрал өзара жалғасқан тіректерден тұрады. Оның біреуінің басы қозғалыссыз болса, екінші басына қажетті нысанды айнала қозғалатын ине орнатылады. Нысанды толық айналып өткен кезде, құрал бетіне сан көрсеткіші жазылады.

21. Латынның «иілу» деген сөзінен алынған құрал:

- A) гигрометр
- B) курвиметр
- C) планиметр
- D) термометр

22. Планиметрдің өзара жалғасқан тіректер саны:

- A) 2
- B) 4
- C) 1
- D) 3

23. Планиметр құралының аудан өлшемі бірлігі:

- A) сантиметр
- B) гектар
- C) метр
- D) миллиметр

24. Планиметр құралының бір тірегіне орнатылған зат:

- A) қарындаш
- B) жіп
- C) сызғыш
- D) ине

25. Картографиялық өлшеулерде курвиметр құралын қолданудың артықшылығы

- A) орташа биіктікті анықтауда
- B) өзен еңістіктігін анықтау
- C) картада тереңдікті анықтау
- D) ирек сызықтар бойымен қашықтықты анықтау

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Ш.Ш.Уәлихановтың зерттеу жұмысына арқау болған саяхаттың бағыты
- A) Арал теңізі
  - B) Каспий теңізі
  - C) Жалпы Сырт
  - D) Үстірт
  - E) Алтай тауы
  - F) Қашқария
27. Еуразия материгінің түбегі (түбектері)
- A) Скандинавия
  - B) Сомали
  - C) Камчатка
  - D) Юкатан
  - E) Чукот
  - F) Кейп-Йорк
28. Табиғатты пайдаланудың басқару әдісі (әдістері)
- A) цифрлық
  - B) әкімшілік
  - C) әлеуметтік-психологиялық
  - D) коммуникациялық
  - E) логистикалық
  - F) экономикалық
29. Экономиканың тек аграрлық құрылымы дамыған, артта қалған ел (-дер)
- A) Эфиопия
  - B) Сомали
  - C) Қытай
  - D) Мексика
  - E) Сьерра - Леоне
  - F) Үндістан
30. Дүние жүзінің саяси картасындағы князьдық басқарудағы ел(-дер)
- A) Лихтенштейн
  - B) Андорра
  - C) Германия
  - D) Ресей
  - E) Қытай
  - F) Монако

31. Географиялық атаулар мен олардың қызметін, мәні мен шығу тегін, құрылымын, таралу аймағын, дамуы мен уақыт өте өзгеруін зерттейтін ономастика бөлімі
- A) морфология
  - B) геология
  - C) топонимика
  - D) геоэкология
  - E) гидрология
  - F) топография
32. Ғаламдық экологиялық мәселе(-лер)
- A) Балқаш көлінің ластануы
  - B) Орман алқаптарының қысқаруы
  - C) Жылыжай эффектісі
  - D) Арал теңізінің тартылуы
  - E) Озон қабатының жұқаруы
  - F) Семей ядролық полигоны
33. «Экологиялық із» құрамбөлігіне(құрамбөліктеріне) жатады
- A) көміртек ізі
  - B) өзендер
  - C) таулар
  - D) жаңартау
  - E) жыртылған жер
  - F) жайылым
34. Қазақстан экономикасына құйылған шетелдік инвестиция мөлшері бойынша ең жоғары үш ел
- A) Ресей
  - B) АҚШ
  - C) Франция
  - D) Швейцария
  - E) Нидерланды
  - F) Қытай
35. Шегаралары жасанды түрде түзу сызықпен бөлінген Африка елі(-дері)
- A) Мали
  - B) Габон
  - C) Мадагаскар
  - D) Египет
  - E) Зимбабве
  - F) Алжир